

## АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕКТІ БІРДЕЙ ҰСТАП...

Ә. СМАҒҰЛОВ

*экономика ғылымдарының кандидаты,  
Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің доценті*

Табиғатынан аса дарынды, жан – жақты, сегіз қырлы, бір сырлы жандар болады. Олар ойы - терең, тілі - көркем, сөйлесе сөзді - шешен, басқарса – көпті көсем. Қай іспен айналысса да, мейлі ол спорт, ойын түрлері, мейлі ғылым, мейлі басқару саласы болсын, оны ұнғыл – шұңғылына дейін игеріп, көштің басында тұруға ұмтылады. Басқалардан оларды бөлектеп, ерекшелеп тұратын қасиеттер – ол лидерлік, жаңашылдық, асқан жауапкершілік пен қажырлылық, іске тиянақтылық. Қажымай – талмай істеген еңбегінің, елге, қоғамға пайдалы, қомақты, ауқымды істерінің арқасында жоғары бедел мен абыройға ие болған, атақ пен даңққа бөленген сондай жанның бірі – ірі ғалым, ұлағатты ұстаз, мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан республикасы парламенті мәжілісінің депутаты Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев.

Ол жастық шағы мен есею кездері 60-шы жылдардағы «жылымық» кезеңіне тап келген, кейіннен әдебиетте, өнерде, ғылым мен білімде, саясатта үлкен табыстарға жеткен, жаңашылдық істердің ұйтқысы болған қуатты шоғырдың тамаша өкілі.

Кенжеғали Әбенұлы бала кезінен бастап өз қатарластарының алды болды. Қостанай облысындағы семиозер орта мектебін күміс медальмен аяқтады. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қоғамдық және студенттік ғылыми жұмыстарға белсене араласқаны, өте жақсы оқығаны үшін И.В. Сталин атындағы стипендия иегері болды. 1960 жылы университеттің экономика факультетінің «Өнеркәсіп экономикасы» мамандығын үздік

дипломмен бітіріп шықты, халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасына оқытушылық жұмысқа калдырылды.

Ол жиырма сегіз жасында мәскеуде кандидаттық, отыз тоғыз жасында докторлық диссертацияларын қорғады. Қырық жасында профессор ғылыми атағын алды.

Қырық бес жылдан астам ғылыми - педагогтық қызметінің тең жартысын К.Ә. Сағадиев Алматы халық шаруашылығы институтына арнады. 1963 жылы оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Басшылықтың әр түрлі сатыларында - деканның орынбасары, институт партия комитетінің хатшысы, кафедра меңгерушісі, оқу ісі жөніндегі проректор, ректор – қызметін атқара жүріп, ол осы оқу орнының қалыптасуына, бұғанасының бекіп қатаюына, біртіндеп жоғары экономикалық білім берудің белді де беделді қара шаңырағына айналуына қажыр-қайратын жұмсап, сүбелі үлесін қосты, еңбегін сіңірді.

Бұл жылдар оның өзінің де ғалымдық, ұстаздық деңгейінің өсіп, ауқымы кенейіп, ұйымдастырушылық және басқарушылық шеберлігінің шыңдалып, басшы ретінде мол тәжірибе жинақтаған кезеңі болды.

Қазақстанда материалдық-техникалық жабдықтау саласындағы жоғары білімді мамандарды даярлауды бастау, арнаулы кафедра мен аспирантураның ашылуы к.ә. Сағадиевтің есімімен тығыз байланысты.

70-ші-80-ші жылдарда ол өндіріс құралдары айналымының заңдылықтарын, оның экономиканы дамытудағы ролі мен механизмдерін ашатын, жабдықтаудың көтерме сауда жүйесіне көшу қажеттігін дәлелдейтін іргелі еңбектерін жариялады. «Қазақстанда материалдық –

техникалық жабдықтауды басқару» (1975ж.), «материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру проблемалары» (1976ж.), «материалдық-техникалық жабдықтау және өндірістің тиімділігі» (1978ж.), «Қазақстандағы жабдықтау мен оны өткізудің материалдық – техникалық базасы» (1982 ж.) атты кітаптары мамандарға кеңінен мәлім болып, басты идеялары одақ және шетел ғалымдарының қолдауына ие болды.

Өз әріптестерімен, шәкірттерімен бірлесіп отырып, ол Қазақстанда материалдық – техникалық жабдықтаудың ғылыми мектебін қалыптастырды.

Еліміздегі білім мен ғылым саласы тарихында бұрын кездеспеген жайт – бір адамның әр жылдары төрт жоғары оқу орнының ректоры қызметін және ұлттық ғылым академиясының президенті міндетін атқаруы еді. К.Ә. Сағадиевтің ұйымдастырушылық дарыны, ерекше қарым - қабілеті, дара тұлғасы бірінші басшы болған осы кезеңде жарқырай көрінді. Қай жерде еңбек етсе де ауыз толтырып айтарлық жақсы істері, өзіндік қолтаңбасы, іздері қалды.

Целиноград ауыл шаруашылығы институтында ол салдыртқан тамаша оқу корпусы, жатақханалар, мал дәрігерлік емхана, тұрғын үйлер, бұрынғы кеңес одағындағы алғашқы биотехнологиялық орталықтардың бірі қалды. Бұл орталық дәнді дақылдардың жана жоғары өнімді сорттарын шығарды, тиімді биопрепараттар жасады.

Қазақ мемлекеттік басқару академиясында (қазіргі Т. Рысқұлов атындағы қазақ экономикалық университеті) ректор К.Ә. Сағадиевтің басшылығымен экономикалық білім беру саласында 1992-1994 жылдары жүргізілген кешенді реформа нәтижелері қалды.

1992 жылдың күзі – экономикалық жоғары білім беру жүйесінің елде жүріп жатқан нарықтық үрдістерден кейін қалып, әкімшіл-әміршіл экономикаға лайықталған мамандарды дайындауды әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқан шағы еді. Университеттің жаңа басшылығы басқа елдердегі озық тәжірибені іздестіру, жинау және оны жан-жақты талдау негізінде, ғылыми кенестің ұйғарымымен, өз ұйымдық құрылымын жанарту, Қазақстанда алғаш рет нарықтық экономикаға қажетті сегіз ірілендірілген жаңа мамандықтар бойынша кадр дайындау туралы шешім қабылдады. Ол мамандықтар қатарында

«менеджмент», «маркетинг және коммерция», «қаржы және кредит», «бухгалтерлік есеп және аудит», «халықаралық экономикалық қатынастар» және тағы басқалары бар еді.

Іс-қимылдың басты бағыттары тез арада айқындалып, қабылданған шешімдерді шұғыл түрде жүзеге асыру да басталды. Оқу - ғылыми кешендері құрылып, оқытушы кадрларды аттестациялауға, қайта даярлауға, біліктілігін жетілдіруге, ескілерін жауап, жаңа кафедралар, мамандықтар ашуға, жаңа оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын дайындауға байланысты көп сатылы білім беру жүйесін қалыптастырудың қиын да қызғылықты, тың істері қызу жүріп кетті.

Кейіннен сол жаңашыл бастамалар, басқару академиясы мамандары дайындаған оқу жоспарлары, бағдарламалар, жоғары білім берудің жаңа мамандықтар бойынша мемлекеттік стандарттары бүкіл республика оқу орындарына кеңінен тарады.

Білім сапасы әрқашанда студенттердің оқулықтар мен оқу құралдарымен тиісті дәрежеде қамтамасыз етілуіне, оқу орны кітапханасындағы кітап қорының толықтырылып, жаңарып тұруына тікелей байланысты екендігі белгілі.

Жылдар өте келе өз жемісін беріп келе жатқан Кенжеғали Әбенұлының бір көрегендік ісі – академия жанынан экономикалық әдебиеттерді шығаратын арнаулы «экономика» баспасын құруы және авторларды ынталандыру мақсатында жүзге жуық жеке және бірлескен авторлық топтармен ректордың келісімшартқа отырып, алдынала сыйақы төлеуі болды.

Соңғы жылдары осы баспадан орыс және қазақ тілдерінде қаулап шығып жатқан отандық төл оқулықтар мен оқу құралдарын біздің университеттің беделінің артуына, экономикалық білім берудің көшбасшысына айналуына себеп болған фактордың бірі деп санауға болады.

К.Ә.Сағадиев баспасөз бетінде 1992-1993 жылдары елдің нарыққа өтуінің тиімді жақтарын аша түсетін көптеген құнды мақалалар жариялады. Сонымен қатар ол реформа проблемаларына байланысты кезек күттірмейтін шаралар туралы тікелей республика басшыларына – президентке, премьер-министрге, жоғарғы кеңес төрағасына бірнеше рет хаттар жолдады. Ол шетелдік инвестиция жөніндегі ұлттық агенттік құру, ұлттық валютаға көшу жөніндегі шұғыл шаралар, ұлттық валютаның тұрақтылығын

қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, экономикалық реформаны жүргізудің принциптері, стратегиясы мен теориясы, Қазақстанның ақша-кредит саясаты туралы хаттар еді.

1994 жылдың 2 ақпанында К.Ә.Сағадиев тұңғыш рет бірнеше ғалым қатысқан баламалық негізде Қазақстан республикасы ұлттық ғылым академиясының президенті болып сайланды. Оның басшылығымен ғылыми мамандардың басқа салаларға кетуін тежеу, ғылыми қызметкерлердің мәртебесі, оларды әлеуметтік қорғау және интеллектуалдық меншік туралы маңызды шаралар қабылданды. Ол ғылыми қызметкерлердің еңбек ақысын екі есе өсіруге және аса көрнекті ғалымдар мен талантты жас ғалымдарға мемлекеттік стипендия тағайындауға қол жеткізді.

Экономикадағы дағдарыс жағдайында оның алдынан ғылымдық құрылымдар мен олардың жұмыс көлемін қаржыландыру мөлшеріне сәйкестендіру проблемалары шыға берді. Осынау күрделі мәселелерді ол бірін – бірі қайталайтын, өзектілігін жоғалтқан, зерттеу деңгейі төмен тақырыптарды, лабораторияларды, бөлімдерді, кейбір тұтас ғылыми мекемелерді қысқарту арқылы шешті.

Сонымен қатар академияның ғылыми кадрларының негізін және оның материалдық-техникалық базасын сақтап қалуға тырыса отырып, ол ғылымның озық бағыттарын дамытуға қажет төрт жаңа ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастырды. Оған Алматы қаласындағы жалпы генетика және цитология институты, социология және политология институты, Қарағанды қаласындағы аймақтық экономика институты енді. Оның тікелей бастамасымен ұлттық ғылым академиясының медицина ғылымдарының бөлімшесі ашылып, техникалық ғылымдар бөлімшесін ұйымдастыруға дайындық жұмыстар жүргізілді. Академияның директорлық корпусы жаңартылып, оның сапалық құрамы жақсартылды. Ол ғылыми-зерттеу институттарының басшыларын тек бюджеттік қаржыға ғана сүйене бермей, шетелдермен қарым-қатынасты кеңейтуге, түрлі халықаралық және отандық қорлардың конкурстарына қатысуға, коммерциялық қызметті жандандыруға бағыттап отырды.

Экономика салаларының өткір проблемаларын шешуге ғылыми қызметкерлерді көптеп тарту мақсатында республикалық ашық конкурс жарияланып, жеңімпаздарды ынталандыру үшін

ақшалай сыйлық белгіленді. Ғалымдардың өз еңбегінің нәтижесіне ынталылығын күшейту үшін келісімшартпен жұмыс істеу кеңінен ендірілді.

К.Ә.Сағадиев 1996 жылы қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы мен Алматы мал дәрігерлік институтының негізінде ұйымдастырылған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректорлығына жіберілді. Ол университеттің материалдық базасы мен оқыту мүмкіндігін тез зерттеп біліп, іс - әрекет бағдарламасын жасады, лайықты команда жасақтап, оны жүзеге асыруға кірісіп кетті.

Бұрынғы факультеттердің орнына ірі оқу-ғылыми - өндіріс кешендері ұйымдастырылды, компьютер және тіл дайындығы орталығы, гуманитарлық білім беру орталығы ашылды, мамандықтардың саны қайта қаралып, жаңартылды, олардың үштен бірі қысқартылды, жаңадан биотехнология, агроэкология, халықаралық аграрлық-экономикалық қатынас сияқты бағыттағы мамандар даярлауға жол ашылды.

Ол педагогтардың кәсіби шеберлігі мен студенттерді оқыту сапасына ерекше талап қойды. Оқыту мен дайындық нәтижесін тексерудің рейтингтік – тесттік жүйесін енгізуге күш салды.

Жоғары оқу орны ұжымы алдына ғылымды оқу процесімен жақындастыру, зерттеу нәтижесін өндіріске енгізу және халықаралық деңгейге көтеру проблемасы қойылды. Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті әлемнің бірнеше жетекші университеттерімен, шетелдік қорлармен тығыз қарым - қатынас жасай бастады.

Академик К.Ә. Сағадиев бастаған команда бес жыл ішінде екі дербес институт негізінде аграрлық университетті толық қалыптастырып, мемлекеттік аттестациядан өткізіп, оның дәрежесін қазақ ұлттық аграрлық университеті статусына дейін көтерді.

Қорыта айтқанда, К.Ә. Сағадиевтің аталған ұжымдарды басқару стилінің ерекшеліктеріне назар аударсақ, ол мынандай қағидаларды берік ұстанғаны байқалады;

1. Уақыт, заман талабына сай құрылымдық өзгерістерді бағыл жүргізу;
2. Басшы кадрларды дұрыс таңдап, орналасыру, іс басына жастарды көбірек тарту;
3. Ғылым, білім және өндірістің тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз ету;
4. Ұжым қызметкерлерінің тұрмыс жағдайын

түзеуге, жалақысын көтеріп, әл-ауқатын арттыруға ұмтылу;

5. Еңбекте жоғары нәтижелерге жету, тиімділікті арттыру мақсатында арнаулы ынталандыру механизмдерін қалыптастыру және қолдану;

6. Шетелдік озық тәжірибені зерттеп, игеріп, елімізде кеңінен пайдалануды ұйымдастыру;

7. Алдыға қойған мақсаттарды іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен тыс, тың, қосымша қаржы көздерін тауып, тарта білу.

Тиімді, нәтижелі, табысты басқарудың сыры және кілті осында шығар деп ойлаймыз.

Ол қоғамдық өмірге, комсомол, партия комитеттерінің жұмысына ерте араласып, одан өмір бойы қол үзген жоқ. Ұжымдық, аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің, орталық комитеттің мүшесі, әртүрлі деңгейдегі кеңестердің депутаты, Қазақстан Республикасы мәжілісінің депутаты, қаржы және бюджет комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл заман тынысының ағымын, қайнаған ел өмірінің тамырын тап басып, оған белсенді араласып, әсер етіп отыруға мол мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік кеңестің және мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі, қазақстан республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлық жөніндегі комитеттің төрағасы болып бекітілді.

Кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестердің мүшесі және төрағасы болды. К.Ә. Сағадиевтің жетекшілігімен 15 докторлық және 45 кандидаттық диссертация қорғалды.

Бұл оның алуан түрлі қызметінің жеке қырлары ғана. Алмастың қырлары неғұрлым көп болса, соғұрлым оның құндылығы арта түсетіндей, адамның да сегіз қырлы, бір сырлы болуы оның

халық арасындағы салмағын, беделін арттыра түсетін жағдаят.

Нәтижесінде жоғары білім мен ғылым саласының реформаторы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері ретінде аты шықты, көпке танымал болды.

Реформатор адамның жолында тосқауылдар да, қиындықтар да мол кездеседі. Өйткені ол қалыптасқан жағдайды бұзып, өзгерістердің болуын қаламайтындарды жылы - жұмсақ, жайлы орнынан қозғап, олардың өршеленген қарсылығын, өсек – аяңын, жоғары жаққа шағым – арыздарың тудырады.

Жұлдызды шақтарда, ірі қызметтің басында отырсаң, дос та көп, жақтас та көп, ал сәл ғана аяқты шалыс басып, мүлт кетсең, қостаушылардың, шашбау көтергіштердің де күрт азаятыны болады. Сонда С.Сейфуллиннің:

«Шіркін тауық

Жемің болса қолыңда

Қайдағысы сені тауып

Үймелейді жолыңда»

- деген өлең шумақтары еріксіз ойға оралады.

Кенжеғали Әбенұлының өмір жолының әр түрлі кезеңдерінде тар жол, тайғақ кешу, қысылтаяң күндер де болған.

Нағыз адамның қасиеті басына қиыншылық туғандағы іс - әрекетінен, мінез-құлықтарынан да көрінеді. Сонда ақылмен ойлап, жол тауып, өзінің қажыр-қайратына сеніп, қайсарлығымен қиындықтарды абыроймен жеңіп, бір биіктен екінші биікке самғап көтерілгенінің куәсі болып едік.

Ұлы Абайдың кемел, толық адамның сипаты жайындағы:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста

Сонда толық боласың елден бөлек»

- деген сөздері тура біздің Кенже ағаға арналып айтылғандай.